

Баспасөз релизі

«Global Finance» беделді халықаралық қаржылық басылымы Халық банкінің еншілес компаниясы «Halyk Finance» АҚ-ты 2015 жылы Қазақстандағы ең үздік инвестициялық банк деп таныды

16 ақпан

2015 ж.

«Global Finance» халықаралық басылымының сарапшылары жүргізген дәстүрлі зерттеу нәтижелері бойынша (<http://www.gfmag.com/>), «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» АҚ «**2015 жылы Қазақстандағы ең үздік инвестициялық банк**» («**The Best Investment Bank in Kazakhstan 2015**») номинациясында жеңіске жетті. «Halyk Finance» АҚ 2015 жылдың Әлемнің ең үздік инвестициялық банктерінің тізіміне кірді, бұл туралы «Global Finance» журналының сәуірдегі санында жарияланатын болады.

«Біз Global Finance-тың ең айтулы марапатын 4-ші мәрте алып отырмыз, – бұрын біз «Қазақстандағы ең үздік инвестициялық банк» атағына 2011, 2012 және 2014 жылдары ие болғанбыз. Өткен жыл халықаралық, сондай-ақ отандық капитал нарығында елеулі құбылмалылықтың себебінен өте ауыр болды, бұл өз кезегінде қазақстандық инвестициялық-банк қызметтері нарығына да өз әсерін тигізбей қоймады. Дегенмен, барлық қарсылықтар мен қиындықтарға қарамастан, Halyk Finance отандық нарықта ең белсенді ойыншы болып қала берді және еліміздің ең үздік инвестициялық банкі деген құрметті атағын сақтап қалды. Аталып отырған марапат халықаралық қаржы бірлестігінің біздің табысты жұмысымызды мойындағандығын объективті түрде дәлелдейді, сонымен қатар клиенттеріміздің тарапынан Halyk Finance командасына және біз көрсететін жоғары сапалы қызметтерге зор сенімділікті көрсетеді», – деп «**Halyk Finance» АҚ Басқарма Төрағасы Арнат Абжанов** түсініктеме берді.

Жеңімпаздарды анықтау үшін, «Global Finance» журналының баспагерлері инвестициялық-банктік сектордың жетекші сарапшыларымен бірлесе отырып нарықтық үлестің мөлшерін, мәмілелердің саны мен жиынтық көлемін, клиенттерге кәсіби қызмет көрсету мен кеңес беру деңгейін, мәмілелерді құрылымдау бойынша мүмкіндіктерді, сату арналарының тиімділігін, ағымдағы нарық жағдайлары аясында қойылған тапсырмаларды шешу бойынша күш салуды, инновациялық тәсілді, бағалы қағаздарды орналастыру кезінде баға белгілеуді және мәмілелер аяқталғаннан кейінгі бағалардың бет алысын, сондай-ақ компанияның нарықтағы беделін қоса, көптеген критерийлердің жиынтығын ескерген болатын.

«Halyk Finance» АҚ – қаржы консалтингі мен андеррайтингті (корпоративтік эмитенттердің бағалы қағаздарды шығаруын және орналастыруын ұйымдастыру), корпоративтік қаржыландыру қызметтерін (компаниялардың акциялары мен қатысу үлестерін сатып алу/сату бойынша М&А консультациялық қызметтерін және корпоративтік борыштық қайта құрылымдауды қоса), брокерлік қызмет көрсетулер мен бағалы қағаздармен сауда жасауды, KASE-нің сауда алаңында маркет-мейкердің қызметтерін, портфельді басқаруды, сондай-ақ ұдайы аналитикалық қызметтерді қоса алғанда, инвестициялық-банктік қызметтердің толық кеңінісін көрсететін Қазақстанның жетекші инвестициялық банкі.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ клиенттер базасы және таралу желісі ең үлкен болатын Қазақстандағы жетекші қаржы тобы және жетекші бөлік банк болып табылады. Банк 5.9 миллионға жуық жеке тұлғаға, 60 мыңнан астам ШОБ субъектілеріне және 300-ге жуық ірі корпоративтік заемшыларға қызмет көрсетеді. Банк әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келеді және өзінің бөлік сауда клиенттеріне, шағын және орта бизнестегі клиенттеріне, корпоративтік клиенттерге қызметтердің кең ауқымын (банк қызметтерін, брокерлік қызметтерді, сақтандыру, лизинг, және активтерді басқару жөніндегі қызметтерді) ұсынууда. Сонымен бірге Халық банк өз операцияларын Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда іске асырады.

Global Finance – 50 мыңнан астам тиражы және әлемнің 163 елінде оқырмандары бар халықаралық қаржы басылымы.

Охонов Фархад,
«Halyk Finance» АҚ
Қаржылық консультация және
андеррайтинг департаменті
www.halykfinance.kz
Тел.: +7 727 330 01 52

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Баспасөз қызметі
тел. +7 727 2 590 816,
www.halykbank.kz